

Алматы қаласы Әкімшілігі жанындағы көлікте жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2004 жылғы 15 наурыздағы N 2/230 қаулысы. Алматы қалалық Әділет Департаментінде 2004 жылғы 16 сәуірде N 591 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 12 шілдедегі N 5/760 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 12 шілдедегі N 5/760 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы 27 бабы 1 тармағы 21 тармақшасы негізінде Алматы қаласының аумағында көлікте жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдамаларды әзірлеу мақсатында, Алматы қаласының Әкімшілігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы Әкімшілігі жанындағы көлікте жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комиссия- консультативті-кеңесші орган құрылсын (N 1 қ о с ы м ш а) .

2. Комиссия туралы Ереже бекітілсін (N 2 қосымша).

3. Белгіленген тәртіпте ұсынылған Комиссияның жеке құрамы Алматы қаласы Мәслихатына бекітуге берілсін.

4. Алматы қаласы Үкімінің 2001 жылғы 30 қарашадағы №N 490 "Көлікте жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қалалық комиссия туралы" шешімінің күші жойылды деп есептелсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің бірінші орынбасары Я.И.Заяцқа жүктелсін.

Алматы қаласының Әкімі

Әкімшілік хатшысы

Алматы қаласы Әкімшілігінің
2004 жылғы "15" наурыздағы N 2/230
"Алматы қаласы Әкімшілігі жанындағы
көлікте жол қауіпсіздігін қамтамасыз
ету жөніндегі комиссия туралы"
қаулысының келісу парағы

Е н г і з у ш і :
Көлік және коммуникация
департамент директорының
орынбасары С.Жұмабеков

К е л і с і л д і :
Алматы қаласы Әкімінің
бірінші орынбасары Я.Заяц
Көлік және коммуникация
департамент директоры В.Сухоруков

Алматы қалалық ІІББ жол
полициясы басқармасының
бастығы І.Бектұров
Қалалық төтенше жағдайлар
басқармасының бастығы Б.Ысқақов

Қоршаған ортаны қорғау
басқарма бастығы Е.Уандықов

Көлік бақылау комитеті
басқармасының бастығы Н.Бектенов

Заң бөлімі Р.Исабаева

Таратылсын: №N 3 қабылдау бөлмесіне, аудан
әкімдеріне, көлік және коммуникация
департаментіне, ҚІБ ЖПБ-на, АҚТЖБ-на, ҚОҚБ-на,
КБКБ-на, қалалық көлік қауіпсіздігін қамтамасыз
ету жөніндегі комиссиясына.

Х а т т а м а б ө л і м і н і ң
меңгерушісі М.Құлсейітова
Алматы қаласы Әкімшілігінің
2004 жылғы 15 наурыздағы N 2/230
"Алматы қаласы Әкімшілігі жанындағы
көлікте жол қауіпсіздігін қамтамасыз
ету жөніндегі комиссия туралы"
қаулысына 1 қосымша

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Алматы қаласы Әкімшілігінің 2006 жылғы 06 қыркүйектегі N 6/1078 қаулысымен.

Алматы қаласы әкімдігінің жанындағы көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі

Алматы қалалық комиссиясының құрамы

Мәулен Шапанбайұлы - Алматы қаласы әкімінің орынбасары,
Мұқашев комиссия төрағасы

Бауыржан Бейсенұлы - Алматы қалалық Жұмылдыру дайындығы,
Ысқақов азаматтық қорғаныс, авариялар мен
дүлей апаттардың алдын алуды және
жоюды ұйымдастыру департаментінің
директоры

Игорь Евдокимович - комиссия хатшысы
Ключников

Комиссия мүшелері:

Бақтыгелді Емелұлы - Алматы қалалық Ішкі істер департаменті
Айқымбеков жол полициясы басқармасының бастығы

Әнуэрбек Сиражұлы - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіптік
Әмірханов қауіпсіздік және көлік
қауымдастығының төрағасы,
(келісімі бойынша)

Мұрат Махметұлы - "Көлік ғылыми-зерттеу институты"
Бекмағамбетов Акционерлік қоғамының директоры
(келісімі бойынша)

Владимир Михайлович - "Тәуелсіз бағалау және сараптама"
Дарвин жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің бас директоры
(келісімі бойынша)

Юрий Викторович - Қазақстан Республикасының Төтенше
Ильин жағдайлар жөніндегі министрлігінің
Алматы қаласы бойынша төтенше
жағдайлар жөніндегі департаменті
бастығының орынбасары
(келісімі бойынша)

Сұлтанбек Алмасбекұлы - Алматы қалалық табиғи ресурстар және
Мәкежанов табиғатты пайдалануды реттеу
департаментінің директоры

Сейітбек Ұзақұлы - Қазақстан Республикасының
Түркебаев Көлік қозғалысы қауіпсіздігі қоры

Алматы қалалық филиалының директоры

(келісімі бойынша)

Алматы қаласы Әкімшілігінің
2004 жылғы "15" наурыздағы N 2/230

"Алматы қаласы Әкімшілігі жанындағы
көлікте жол қауіпсіздігін қамтамасыз
ету жөніндегі комиссия туралы"
қаулысына 2 қосымша

**Алматы қаласы Әкімшілігі жанындағы көлікте жол
қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы
Ереже**

1. Алматы қаласы Әкімшілігі жанындағы көлікте жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) консультативті-кеңесші орган болып табылады, Алматы қаласы жергілікті атқарушы органының оның өкілдігін жүзеге асыруда, Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі "Жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы" Заңында белгіленген, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес Алматы қаласының жергілікті атқарушы органы басшылық ететін Комиссияның қызметінің жұмысын үйлестіруді Алматы қаласының Әкімі жүзеге асырады.

2. Комиссия қызметінің басты мақсаты Алматы қаласындағы жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында жергілікті мемлекеттік реттеу басты мәселесінде ұсыныстар мен ұсынымдамаларды әзірлеу болып табылады, осы аумақты Алматы қаласының жергілікті атқарушы органының жол қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі саясаттың негізгі бағыттарындағы азаматтық қоғам өкілдерімен кеңінен талқылау өткізу.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының өзге нормалық құқықтық актілерін, Алматы қаласы Әкімшілігінің қаулыларын, Алматы қаласы Әкімінің шешімдері мен әкімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі "Жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы" Заңын жүзеге асырудағы Алматы қаласы жергілікті атқарушы органының өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін жағдай жасау;

2) Қазақстан Республикасының көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мәселелер бойынша қолданыстағы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жолымен жол қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жұмыстарын

жетілдіруге

жәрдемдесу;

3) жергілікті мемлекеттік органдардың Алматы қаласының аумағында көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға жәрдемдесу;

4) жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету аумақтық бағдарламасын әзірлеуге қатысу;

5) жергілікті мемлекеттік органдардың көлік құралдарының техникалық жағдайларын жақсарту және оның қаланың ауа тазалығына ықпал ету, жыл сайынғы көлік құралдарының техникалық құралдарын байқаудан өткізу жұмыстарын ұйымдастыруға жәрдемдесу;

6) Комиссияның құзыретіне кіретін мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтардың ұсыныстарын қарап, Алматы қаласының Әкіміне ұсыныс беру;

7) көлікте жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында жағдайды нақты білуде ғылыми зерттеулерді, ақпараттық көрсеткіштерді құрастыруды өткізуге жәрдемдесуге;

8) көлікте жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында жағдайды толық баяндау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарымен бірлесіп қызмет атқару;

9) көлікте жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты азаматтардың өтініштері мен бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламаларын қару;

10) халықаралық деңгейде өткізілетін көлікте жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша халықаралық ұйымдармен ынтымақтасу, конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысу.

5. Комиссия құзыреті:

1) Алматы қаласының Әкіміне тікелей бағыныстағы және есептегі мемлекеттік органдардың басшыларын, орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелер басшыларын өз мәжілістерінде тыңдау;

2) мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, құқық қорғау органдарын қоса қажетті материалдар мен ақпараттарды сұрастыру;

3) Комиссия құзыретіне кіретін мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің, өзге ұйымдар мен азаматтардың ұсынысын қару;

4) жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарын жетілдіру ұсыныстарын әзірлеу және оларды Алматы қаласының Әкімшілігінің қарауына енгізу;

5) Қазақстан Республикасының жол қозғалысының қауіпсіздігін мәселелерін қарастыратын заңдарды талдау, осы мәселені реттейтін заң жобаларын әзірлеуге қатысу;

6) жол қозғалысының қауіпсіздігін мәселелерін қамтамасыз ету саласында

талдама материалдарын, сараптау-ұсыным тұжырымдамаларын және халықаралық шарттар бойынша ұсыныстар әзірлеу;

7) Комиссия мәжілісін әзірлеуге, аумақтық бағдарламаны әзірлеуге қатысуға штаттан тыс сарапшыларды, қоғамның белсенді және кәсіби әзірліктегі топтарын т а р т у ;

8) жергілікті атқарушы органдарға жол қозғалысының қауіпсіздігі мәселелерін қамтамасыз етудегі статистикалық, әдістемелік және өзге ақпараттық материалдарды бағыттау;

9) азаматтардың келіп түскен өтініштерін қарау, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламаларын Комиссия ол бойынша нақты шешім қабылдауға тиісті мемлекеттік органға немесе лауазымды тұлғаға жіберуі мүмкін.

6. Комиссия өзінің өкілдіктерін белгіленген тәртіпте жүзеге асыруда мемлекеттік үкімет органдарымен, қоғамдық ұйымдармен, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарымен бірлесіп жұмыстар атқарады.

7. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыруда мыналарға құқылы:

1) мемлекеттік органдардан, сондай-ақ ұйымдар мен лауазымды тұлғалардан қажетті мәліметтерді құжаттамалар мен материалдарды сұрастыруға және алуға;

2) өз мәжілістерінде мемлекеттік органның тиісті лауазымды тұлғасынан қаладағы көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты мәліметтерді т ы ң д а у ;

3) жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы тәртіп бұзушылықтар туралы мәліметтерді өкілетті мемлекеттік органдармен тексеруді б і р г е ө т к і з у ;

4) белгіленген тәртіпте ғалымдар мен мамандарды жеке жұмыстарды жүзеге а с ы р у ғ а т а р т у .

8. Комиссия құзыретіне сай оның мүшелері белгіленген заң тәртібінде мемлекеттік үкімет органдары мен мемлекеттік ұйымдарда бола алады.

9. Алматы қаласы Әкімінің мәліметіне жіберілген мәжілістерде қабылданған ұсынымдамалар мен тұжырымдамалар комиссияның шешімі болып табылады.

Комиссияның ұсынымдамалары мен тұжырымдамалары мәжіліске қатысқан оның мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда мәжіліс төрағасының даусы шешуші болып табылады.

10. Комиссияның ұсынымдамалары мен тұжырымдамалары, оның құзыреті шегінде қабылданған осы мәселені шешу оның құзыретіне кіретін тиісті мемлекеттік органға жіберіледі.

Комиссияның ұсынымдамалары мен тұжырымдамаларын алған мемлекеттік орган және оның лауазымды тұлғасы, белгіленген мерзімде оларды қарап және қабылдаған шешімін х а б а р л а й д ы .

11. Комиссия Алматы қаласы Әкімінің ұсынысымен Алматы қаласы

Мәслихаты бекіткен төрағадан, төраға орынбасарынан, хатшыдан және мүшелерден тұрады.

Комиссия төрағасы мен мүшелері оның жұмысына қоғамдық негізде қатысады.

12. Комиссия төрағасы Комиссияның жұмысына жалпы басшылық етеді, хатшы мен Комиссия мүшелеріне тапсырма беріп, оның мәжілісінің күн тәртібін анықтайды, қызметтік құжаттар мен ұсынымдамаларға және тұжырымдамаларға қол қойып, Алматы қаласында көлік қауіпсіздігіне байланысты кеңестерге қатысады, Алматы қаласы Әкімінің келісуімен Алматы қаласының Әкімшілігіне Комиссияның қызметін жетілдіруге ұсыныс береді.

Комиссия төрағасының болмауы жағдайында қызметтік құжаттарға, ұсыныстар мен ұсынымдамаларға оның хатшысы қол қояды.

13. Комиссия мәжілісін оның төрағасы қажетіне қарай, тоқсанына бір рет шақырады. Комиссия мәжілісі құқықты болып есептеледі егер де оған оның мүшелерінің тең жартысынан көбі қатысқан жағдайда.

Комиссия төрағасы болмаған жағдайда оның мәжілісіне Комиссия төрағасының орынбасары төрағалық етеді.

Әкімшілік хатшысы